

## **Ақтөбе облысының әкімшілік-аумақтық құрылысы мәселелері бойынша кейбір нормативтік құқықтық актілерге өзгерістер енгізу туралы**

Ақтөбе облысы әкімдігінің 2017 жылғы 14 тамыздағы № 280 қаулысы және Ақтөбе облысы мәслихатының 2017 жылғы 14 тамыздағы № 196 шешімі. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 29 тамызда № 5638 болып тіркелді.

Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңының 11-бабына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6 және 27-баптарына және Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі "Құқықтық актілер туралы" Заңының 24-бабының 3-тармағына сәйкес Ақтөбе облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** және Ақтөбе облыстық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ**:

1. Осы бірлескен қаулыға және шешімге қосымшаға сәйкес Ақтөбе облысының әкімшілік-аумақтық құрылысы мәселелері бойынша кейбір нормативтік құқықтық актілерге өзгерістер енгізілсін.

2. Осы бірлескен әкімдіктің қаулысы және мәслихаттың шешімі олар алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Облыс әкімі*

*Б. САПАРБАЕВ*

*Облыстық мәслихаттың хатшысы*

*С. ҚАЛДЫҒҰЛОВА*

*Облыстық мәслихаттың  
сессия төрағасы*

*Ғ. ЕЛЕУОВ*

2017 жылғы 14 тамыздағы № 280/196 әкімдіктің  
бірлескен қаулысына және мәслихаттың  
шешіміне қосымша

## **Ақтөбе облысының әкімшілік-аумақтық құрылысы мәселелері бойынша кейбір нормативтік құқықтық актілерге енгізілетін өзгерістер**

1. Ақтөбе облысы әкімінің және мәслихатының 1997 жылғы 30 мамырдағы № 1 " Ақтөбе облысының әкімшілік аумақтық құрылысына бірқатар өзгерістер енгізу туралы " бірлескен шешімінде (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14 тіркелген, 1998 жылғы 6 қаңтарда "Ақтөбе" және "Актюбинский вестник" газеттерінде жарияланған):

орыс тіліндегі бірлескен шешімнің 2) тармақшасында, "им.Пацаева", "им.Ленина" сөздері "Пацаева", "имени Ленина" сөздерімен ауыстырылсын.

2. Ақтөбе облысы әкімінің және мәслихатының 1999 жылғы 17 қарашадағы № 8 " Темір ауданының Бородин ауылын Шығырлы ауылы деп өзгерту туралы" бірлескен шешімінде (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 327 тіркелген, 2000 жылғы 18 қаңтарда "Ақтөбе" және "Актюбинский вестник" газеттерінде жарияланған):

бірлескен шешімнің кіріспесінде "4 тармағына" сөздері "4) тармақшасына" сөздерімен ауыстырылсын.

3. Ақтөбе облысы әкімінің және мәслихатының 1999 жылғы 17 қарашадағы № 7 " Хромтау ауданының ауылдық округтері мен ауылдарының аттарын өзгерту туралы" бірлескен шешімінде (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 329 тіркелген, 2000 жылғы 18 қаңтарда "Ақтөбе" және "Актюбинский вестник" газеттерінде жарияланған):

бірлескен шешімнің кіріспесінде "4 тармағына" сөздері "4) тармақшасына" сөздерімен ауыстырылсын.

4. Ақтөбе облысы әкімінің және мәслихатының 2000 жылғы 23 ақпандағы № 2 " Қарғалы ауданының Бадамша ауылдық округін құру туралы" бірлескен шешімінде ( Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 476 тіркелген, 2000 жылғы 27 сәуірде "Ақтөбе" және "Актюбинский вестник" газеттерінде жарияланған):

бірлескен шешімнің кіріспесінде "3 тармағына" сөздері "3) тармақшасына" сөздерімен ауыстырылсын;

қазақ тіліндегі бірлескен шешімнің кіріспесінде және 4-тармағында "құрылымы" және "құрылымына" сөздері "құрылысы" және "құрылысына" сөздерімен ауыстырылсын;

бірлескен шешімнің 1-тармағында "1557 га" сөздері "1557 гектар" сөздерімен ауыстырылсын.

5. Ақтөбе облысы әкімінің және мәслихатының 2000 жылғы 23 ақпандағы № 7 " Мұғалжар аудандық кейбір ауылдар мен мектептердің атауларын өзгерту туралы" бірлескен шешімінде (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 478 тіркелген, 2000 жылғы 27 сәуірде "Ақтөбе" және "Актюбинский вестник" газеттерінде жарияланған):

бірлескен шешімнің кіріспесінде "4 тармағына" сөздері "4) тармақшасына" сөздерімен ауыстырылсын.

6. Ақтөбе облысы әкімінің және мәслихатының 2000 жылғы 23 ақпандағы № 3 " Ырғыз ауданының әкімшілік-аумақтық құрылымындағы өзгерістер туралы" бірлескен шешімінде (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 479 тіркелген, 2000 жылғы 27 сәуірде "Ақтөбе" және "Актюбинский вестник" газеттерінде жарияланған):

қазақ тіліндегі бірлескен шешімнің тақырыбында және 5-тармағында "құрылымындағы" және "құрылымына" сөздері "құрылысындағы" және "құрылысына" сөздерімен ауыстырылсын;

бірлескен шешімнің кіріспесінде "Қазақстан Республикасы 1993 жылғы 8 желтоқсандағы № 4200 Заңы 11 бабының 2, 3 тармақтарына" сөздері "Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңының 11 бабының 2), 3) тармақшаларына" сөздерімен ауыстырылсын;

бірлескен шешімнің 1, 2-тармақтарында "210000 га" және "577839 га" сөздері "210000 гектар" және "577839 гектар" сөздерімен ауыстырылсын.

7. Ақтөбе облысы әкімінің және мәслихатының 2000 жылғы 23 ақпандағы № 5 "Хромтау ауданының әкімшілік-аумақтық құрылымындағы өзгерістер туралы" бірлескен шешімінде (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 481 тіркелген, 2000 жылғы 27 сәуірде "Ақтөбе" және "Актюбинский вестник" газеттерінде жарияланған):

қазақ тіліндегі бірлескен шешімнің тақырыбында, кіріспесінде және 5-тармағында "құрылымындағы", "құрылымы" және "құрылымына" сөздері "құрылысындағы", "құрылысы" және "құрылысына" сөздерімен ауыстырылсын;

бірлескен шешімнің кіріспесінде "2, 3 тармақтарына" сөздері "2), 3) тармақшаларына" сөздерімен ауыстырылсын;

бірлескен шешімнің 1, 2-тармақтарында "80056 га" сөздері "80056 гектар" сөздерімен ауыстырылсын.

8. Ақтөбе облысы әкімінің және мәслихатының 2000 жылғы 23 ақпандағы № 6 "Ембі-5 елді мекенін Жем деп өзгерту туралы" бірлескен шешімінде (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 482 тіркелген, 2000 жылғы 27 сәуірде "Ақтөбе" және "Актюбинский вестник" газеттерінде жарияланған):

бірлескен шешімнің кіріспесінде "4 тармағына" сөздері "4) тармақшасына" сөздерімен ауыстырылсын;

қазақ тіліндегі бірлескен шешімнің кіріспесінде "құрылымы" сөзі "құрылысы" сөзімен ауыстырылсын.

9. Ақтөбе облысы әкімдігінің және мәслихатының 2004 жылғы 15 желтоқсандағы № 372а/127 "Жеке меншікте болуы мүмкін жер учаскелерінің шекті (ең жоғары) мөлшері туралы" бірлескен қаулысында және шешімінде (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3039 тіркелген, 2005 жылғы 15 ақпанда "Ақтөбе" және "Актюбинский вестник" газеттерінде жарияланған):

бірлескен әкімдіктің қаулысының және мәслихаттың шешімінің кіріспесінде "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Қазақстан

Республикасының Заңы" сөздері "Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының" сөздерімен ауыстырылсын.

бірлескен қаулының және шешімнің 1-тармағында "0,25 га", "0,15 га", "0,10 га" және "0,12 га" сөздері "0,25 гектар", "0,15 гектар", "0,10 гектар" және "0,12 гектар" сөздерімен ауыстырылсын.

10. Ақтөбе облысы әкімдігінің және мәслихатының 2005 жылғы 4 тамыздағы №293/178 "Хромтау ауданының әкімшілік-аумақтық құрылысындағы өзгерістер туралы" бірлескен қаулысында және шешімінде (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3154 тіркелген, 2005 жылғы 1 қарашада "Ақтөбе" және "Актюбинский вестник" газеттерінде жарияланған):

бірлескен қаулының және шешімнің кіріспесінде "2, 3 тармақтарына" сөздері "2) және 3) тармақшаларына" сөздерімен ауыстырылсын;

бірлескен қаулының және шешімнің 1, 2-тармақтарында "3537,8 га" сөздері "3537,8 гектар" сөздерімен ауыстырылсын.

11. Ақтөбе облысы әкімдігінің және мәслихатының 2005 жылғы 4 тамыздағы №295/180 "Хромтау-Алтынсарин" темір жолы бойындағы "Аққұдық" станциясының атауын "Көктау" деп өзгерту туралы" бірлескен қаулысында және шешімінде (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3157 тіркелген, 2005 жылғы 1 қарашада "Ақтөбе" және "Актюбинский вестник" газеттерінде жарияланған):

бірлескен қаулының және мәслихаттың шешімнің кіріспесінде "Қазақстан Республикасындағы ұйымдарды, темір жол станцияларын, әуежайларды, сондай-ақ физикалық-географиялық объектілерді атау мен қайта атаудың және олардың атауларының транскрипциясын өзгертудің Тәртібін бекіту туралы" сөздері "Қазақстан Республикасының аумағындағы әуежайларға, порттарға, теміржол вокзалдарына, теміржол стансаларына, метрополитен стансаларына, автовокзалдарға, автостансаларға, физикалық-географиялық және мемлекет меншігіндегі басқа да объектілерге атау беру, сондай-ақ оларды қайта атау, олардың атауларының транскрипциясын нақтылау мен өзгерту және мемлекеттік заңды тұлғаларға, мемлекет қатысатын заңды тұлғаларға жеке адамдардың есімін беру қағидаларын бекіту туралы" сөздерімен ауыстырылсын.

12. Ақтөбе облысы әкімдігінің және мәслихатының 2006 жылғы 14 наурыздағы № 85/238 "Мәртөк ауданындағы Нагорный селолық округін – Тәңірберген ауылдық округі, Нагорный селосын – Саржансай ауылы деп қайта атау туралы" бірлескен қаулысында және шешімінде (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3176 тіркелген, 2006 жылғы 13 сәуірде "Ақтөбе" және "Актюбинский вестник" газеттерінде жарияланған):

қазақ тіліндегі бірлескен қаулының және шешімнің кіріспесінде "11 бабына" сөздері "11-бабының 4) тармақшасына" сөздерімен ауыстырылсын;

орыс тіліндегі бірлескен қаулының және шешімнің кіріспесінде "пунктом 4" сөздері "подпунктом 4)" сөздерімен ауыстырылсын.

13. Ақтөбе облысы әкімдігінің және мәслихатының 2006 жылғы 14 наурыздағы № 87/240 "Хромтау ауданы, Қопа ауылдық округінің "Молодежное" ауылын – Тамды ауылы деп өзгерту туралы" бірлескен қаулысында және шешімінде (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3177 тіркелген, 2006 жылғы 13 сәуірде "Ақтөбе" және "Актюбинский вестник" газеттерінде жарияланған):

қазақ тіліндегі бірлескен қаулының және шешімнің кіріспесінде "11 бабына" сөздері "11-бабының 4) тармақшасына" сөздерімен ауыстырылсын;

орыс тіліндегі бірлескен қаулының және шешімнің кіріспесінде "пунктом 4" сөздері "подпунктом 4)" сөздерімен ауыстырылсын.

14. Ақтөбе облысы әкімдігінің және мәслихатының 2006 жылғы 14 наурыздағы № 89/242 "Ырғыз ауданының, Қызылжар ауылдық округінің Жаңақұрылыс ауылын Жаныс би ауылы, Аманкөл ауылдық округі Коминтерн ауылын – Құтикөл ауылы, Ырғыз ауылдық округінің Қызылпартизан елді мекенін – Ақши ауылы деп қайта атау туралы" бірлескен қаулысында және шешімінде (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3178 тіркелген, 2006 жылғы 13 сәуірде "Ақтөбе" және "Актюбинский вестник" газеттерінде жарияланған):

бірлескен қаулының және шешімнің кіріспесінде "4 тармағына" сөздері "4) тармақшасына" сөздерімен ауыстырылсын.

15. Ақтөбе облысы әкімдігінің және мәслихатының 2006 жылғы 21 маусымдағы № 200/272 "Хромтау ауданының әкімшілік-аумақтық құрылысындағы өзгерістер туралы" бірлескен қаулысында және шешімінде (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3185 тіркелген, 2006 жылғы 13 шілдеде "Ақтөбе" және "Актюбинский вестник" газеттерінде жарияланған):

бірлескен қаулының және шешімнің кіріспесінде "3 тармағына" сөздері "2) және 3) тармақшаларына" сөздерімен ауыстырылсын;

бірлескен қаулының және шешімнің 1 және 2-тармақтарында "52167 га", "37745 га" және "89912 га" сөздері "52167 гектар", "37745 гектар" және "89912 гектар" сөздерімен ауыстырылсын.

16. Ақтөбе облысы әкімдігінің және мәслихатының 2007 жылғы 11 шілдедегі №201/379 "Ақтөбе қаласының Новостепановка селосын Кеңес Нокин ауылы деп қаута атау туралы" бірлескен қаулысында және шешімінде (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3210 тіркелген, 2007 жылғы 26 шілдеде "Ақтөбе" және "Актюбинский вестник" газеттерінде жарияланған):

орыс тіліндегі бірлескен қаулының және шешімнің 1-тармағында "г.Актобе" сөздері "города Актобе" сөздерімен ауыстырылсын.

17. Ақтөбе облысы әкімдігінің және мәслихатының 2008 жылғы 26 наурыздағы № 81/58 "Ырғыз ауданының әкімшілік-аумақтық құрылысындағы өзгерістер туралы"

бірлескен қаулысында және шешімінде (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3246 тіркелген, 2008 жылғы 10 сәуірде "Ақтөбе" және "Актюбинский вестник" газеттерінде жарияланған):

бірлескен қаулының және шешімнің 1 және 2-тармақтарында "208780 га", "1588170 га" және "1379390 га" сөздері "208780 гектар", "1588170 гектар" және "1379390 гектар" сөздерімен ауыстырылсын.

18. Ақтөбе облысы әкімдігінің және мәслихатының 2009 жылғы 21 желтоқсандағы №240/390 "Алға ауданының Голубиновка селосын Көктоғай ауылы деп қайта атау туралы" бірлескен қаулысында және шешімінде (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3310 тіркелген, 2010 жылғы 26 қаңтарда "Ақтөбе" және "Актюбинский вестник" газеттерінде жарияланған):

бірлескен қаулының және шешімнің кіріспесінде "4-тармағына" сөздері "4) тармақшасына" сөздерімен ауыстырылсын.

19. Ақтөбе облысы әкімдігінің және мәслихатының 2009 жылғы 21 желтоқсандағы №241/391 "Алға ауданының Ивановка селосын Тікқайың ауылы деп қайта атау туралы" бірлескен қаулысында және шешімінде (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3311 тіркелген, 2010 жылғы 26 қаңтарда "Ақтөбе" және "Актюбинский вестник" газеттерінде жарияланған):

бірлескен қаулының және шешімнің кіріспесінде "4-тармағына" сөздері "4) тармақшасына" сөздерімен ауыстырылсын.

20. Ақтөбе облысы әкімдігінің және мәслихатының 2009 жылғы 21 желтоқсандағы №242/392 "Алға ауданының Шибаяевка селосын Нұрбұлақ ауылы деп қайта атау туралы" бірлескен қаулысында және шешімінде (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3312 тіркелген, 2010 жылғы 26 қаңтарда "Ақтөбе" және "Актюбинский вестник" газеттерінде жарияланған):

бірлескен қаулының және шешімнің кіріспесінде "4-тармағына" сөздері "4) тармақшасына" сөздерімен ауыстырылсын.

21. Ақтөбе облысы әкімдігінің және мәслихатының 2009 жылғы 21 желтоқсандағы №243/393 "Қобда ауданының Ропповка селосын Байтақ ауылы деп қайта атау туралы" бірлескен қаулысында және шешімінде (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3313 тіркелген, 2010 жылғы 26 қаңтарда "Ақтөбе" және "Актюбинский вестник" газеттерінде жарияланған):

бірлескен қаулының және шешімнің кіріспесінде "4-тармағына" сөздері "4) тармақшасына" сөздерімен ауыстырылсын.

22. Ақтөбе облысы әкімдігінің және мәслихатының 2009 жылғы 21 желтоқсандағы №244/394 "Мәртөк ауданының Андреевка селосын Қызылжар ауылы деп қайта атау туралы" бірлескен қаулысында және шешімінде (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3314 тіркелген, 2010 жылғы 26 қаңтарда "Ақтөбе" және "Актюбинский вестник" газеттерінде жарияланған):

бірлескен қаулының және шешімнің кіріспесінде "4-тармағына" сөздері "4) тармақшасына" сөздерімен ауыстырылсын.

23. Ақтөбе облысы әкімдігінің және мәслихатының 2009 жылғы 21 желтоқсандағы №245/395 "Мәртөк ауданының Студенческое селосын Бөрте ауылы деп қайта атау туралы" бірлескен қаулысында және шешімінде (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3315 тіркелген, 2010 жылғы 26 қаңтарда "Ақтөбе" және "Актюбинский вестник" газеттерінде жарияланған):

бірлескен қаулының және шешімнің кіріспесінде "4-тармағына" сөздері "4) тармақшасына" сөздерімен ауыстырылсын.

24. Ақтөбе облысы әкімдігінің және мәслихатының 2009 жылғы 21 желтоқсандағы №246/396 "Мәртөк ауданының Чайда селосын Шаңды ауылы деп қайта атау туралы" бірлескен қаулысында және шешімінде (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3323 тіркелген, 2010 жылғы 28 қаңтарда "Ақтөбе" және "Актюбинский вестник" газеттерінде жарияланған):

бірлескен қаулының және шешімнің кіріспесінде "4-тармағына" сөздері "4) тармақшасына" сөздерімен ауыстырылсын.

25. Ақтөбе облысы әкімдігінің және мәслихатының 2009 жылғы 21 желтоқсандағы №247/397 "Мәртөк ауданының Коминтерн селосын Аққайың ауылы деп қайта атау туралы" бірлескен қаулысында және шешімінде (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3322 тіркелген, 2010 жылғы 28 қаңтарда "Ақтөбе" және "Актюбинский вестник" газеттерінде жарияланған):

бірлескен қаулының және шешімнің кіріспесінде "4-тармағына" сөздері "4) тармақшасына" сөздерімен ауыстырылсын.

26. Ақтөбе облысы әкімдігінің және мәслихатының 2009 жылғы 21 желтоқсандағы №248/398 "Мәртөк ауданының Целинное селосын Көкпекті ауылы деп қайта атау туралы" бірлескен қаулысында және шешімінде (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3316 тіркелген, 2010 жылғы 26 қаңтарда "Ақтөбе" және "Актюбинский вестник" газеттерінде жарияланған):

бірлескен қаулының және шешімнің кіріспесінде "4-тармағына" сөздері "4) тармақшасына" сөздерімен ауыстырылсын.

27. Ақтөбе облысы әкімдігінің және мәслихатының 2009 жылғы 21 желтоқсандағы №249/399 "Мәртөк ауданының Рыбаковка селосын Жаңажол ауылы деп қайта атау туралы" бірлескен қаулысында және шешімінде (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3317 тіркелген, 2010 жылғы 26 қаңтарда "Ақтөбе" және "Актюбинский вестник" газеттерінде жарияланған):

бірлескен қаулының және шешімнің кіріспесінде "4-тармағына" сөздері "4) тармақшасына" сөздерімен ауыстырылсын.

28. Ақтөбе облысы әкімдігінің және мәслихатының 2009 жылғы 21 желтоқсандағы №250/400 "Ақтөбе қаласының Новый елді мекенін Жаңақоныс ауылы деп қайта атау

туралы" бірлескен қаулысында және шешімінде (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3325 тіркелген, 2010 жылғы 28 қаңтарда "Ақтөбе" және "Актюбинский вестник" газеттерінде жарияланған):

бірлескен қаулының және шешімнің кіріспесінде "4-тармағына" сөздері "4) тармақшасына" сөздерімен ауыстырылсын.

29. Ақтөбе облысы әкімдігінің және мәслихатының 2009 жылғы 21 желтоқсандағы №251/401 "Қарғалы ауданының Приозерное селосын Ақкөл ауылы деп қайта атау туралы" бірлескен қаулысында және шешімінде (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3318 тіркелген, 2010 жылғы 26 қаңтарда "Ақтөбе" және "Актюбинский вестник" газеттерінде жарияланған):

бірлескен қаулының және шешімнің кіріспесінде "4-тармағына" сөздері "4) тармақшасына" сөздерімен ауыстырылсын.

30. Ақтөбе облысы әкімдігінің және мәслихатының 2009 жылғы 21 желтоқсандағы №252/402 "Қарғалы ауданының Анастасьевка селосын Бозтөбе ауылы деп қайта атау туралы" бірлескен қаулысында және мәслихаттың шешімінде (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3319 тіркелген, 2010 жылғы 26 қаңтарда "Ақтөбе" және "Актюбинский вестник" газеттерінде жарияланған):

бірлескен қаулының және шешімнің кіріспесінде "4-тармағына" сөздері "4) тармақшасына" сөздерімен ауыстырылсын.

31. Ақтөбе облысы әкімдігінің және мәслихатының 2009 жылғы 21 желтоқсандағы №253/403 "Қарғалы ауданының Григорьевка селосын Ащылысай ауылы деп қайта атау туралы" бірлескен қаулысында және мәслихаттың шешімінде (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3320 тіркелген, 2010 жылғы 26 қаңтарда "Ақтөбе" және "Актюбинский вестник" газеттерінде жарияланған):

бірлескен қаулының және шешімнің кіріспесінде "4-тармағына" сөздері "4) тармақшасына" сөздерімен ауыстырылсын.

32. Ақтөбе облысы әкімдігінің және мәслихатының 2009 жылғы 21 желтоқсандағы №254/404 "Қарғалы ауданының Херсон селосын Ақжайық ауылы деп қайта атау туралы" бірлескен қаулысында және шешімінде (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3305 тіркелген, 2010 жылғы 19 қаңтарда "Ақтөбе" және "Актюбинский вестник" газеттерінде жарияланған):

бірлескен қаулының және шешімнің кіріспесінде "4-тармағына" сөздері "4) тармақшасына" сөздерімен ауыстырылсын.

33. Ақтөбе облысы әкімдігінің және мәслихатының 2009 жылғы 21 желтоқсандағы №255/405 "Қарғалы ауданының Нововведенка селосын Шандыаша ауылы деп қайта атау туралы" бірлескен қаулысында және мәслихаттың шешімінде (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3321 тіркелген, 2010 жылғы 28 қаңтарда "Ақтөбе" және "Актюбинский вестник" газеттерінде жарияланған):



бірлескен қаулының және шешімнің кіріспесінде "4-тармағына" сөздері "4) тармақшасына" сөздерімен ауыстырылсын.

34. Ақтөбе облысы әкімдігінің және мәслихатының 2009 жылғы 21 желтоқсандағы №257/407 "Ойыл ауданының Қаратал селолық округін Ш.Берсиев атындағы ауылдық округ деп қайта атау туралы" бірлескен қаулысында және шешімінде (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3324 тіркелген, 2010 жылғы 28 қаңтарда "Ақтөбе" және "Актюбинский вестник" газеттерінде жарияланған):

бірлескен қаулының және шешімнің кіріспесінде "4-тармағына" сөздері "4) тармақшасына" сөздерімен ауыстырылсын.